

Қазақстан Республикасы азаматы паспортының үлгісін /сипаттамасын/ бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 22 сәуір N 429. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 желтоқсандағы N 1235 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.12.24 N 1235 (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы азаматының паспортын қорғау жүйесін арттыру және оны толтыруды жетілдіру мақсатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясының Қазақстан Республикасы атауының ағылшын нұсқасындағы дұрыс жазылуына өзгеріс енгізуіне орай Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасы азаматы паспортының қоса беріліп отырған үлгісі /с и п а т т а м а с ы / б е к і т і л с і н .

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қазақстан Республикасы азаматы паспортының бланкілерін оның сипаттамасына сәйкес әзірлеуді қ а м т а м а с ы з е т с і н .

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.02.14. N 140 қ а у л ы с ы м е н .

2. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасындағы паспорт жүйесі туралы Ережені бекіту туралы" 1993 жылғы 5 сәуірдегі N 256 қаулысының 1 тармағы Қазақстан Республикасы азаматы паспортының үлгісін /сипаттамасын/ бекіту бөлігінде /Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 10, 124-бап/ күшін жойды деп танылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
М и н и с т р л е р К а б и н е т і н і ң
1 9 9 4 ж ы л ғ ы 2 2 с ә у і р д е г і
N 4 2 9 қ а у л ы с ы м е н
Бекітілген

**Қазақстан Республикасы азаматы
ПАСПОРТЫНЫҢ ҮЛГІСІ**

/сипаттамасы/

1. Паспорт кітапшасының көлемі 88 X 125 мм, оның ішінде сутамғы белгілері бар арнаулы қағаздан жасалған 16 парақ орналастырылған. Паспорт парақтарындағы жазулар мен сызықтар қара түсті бояумен түсірілген.

2. Паспорттың мұқабасы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауының түсіндей көгілдір түсті, онда:

а/ қазақ және ағылшын тілдерінде

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

деген алтын түсті батырма жазу бар;

ә/ ортасында - Қазақстан Республикасының Елтаңбасы

б/ Елтаңбадан төмен

ПАСПОРТ

P A S S P O R T

ДЕГЕН БАТЫРМА ЖАЗУ БАР.

Мұқабаның ішкі жағында Қазақстан Республикасы Елтаңбасының түрлі-түсті бейнесі.

3. Паспорттың бірінші бетінде қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде:

Паспорт Қазақстан Республикасының меншігі болып табылады, ал оның иесі Қазақстан Республикасының қорғауында болады.

Паспорт является собственностью Республики Казахстан, а его владелец находится под защитой Республика Казахстан.

Passport is the property of Republic of Kazakhstan and its owner is held under the protection of Republic of Kazakhstan.

деген жазулар жазылған.

4. Екінші бетінде қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде:

Мәлімет/ Сведения / Observations

жазуы жазылған.

5. 3-беттен 30-бетке дейін шет елге шығатын кезде берілетін виза мен рұқсат ету белгілеріне арналған. Беттердің жоғарғы жағында:

Визалар / Visas

жазуы жазылған.

Тақ санды беттерінің төменгі жағының бәрінде паспорттың нөмірі бар.

6. 31-беттің төменгі жағында қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде:

Осы паспорт нөмірленген 32 беттен тұрады

Настоящий паспорт содержит 32 пронумерованные страницы

This passport contains 32 numbered pages

д е г е н

ж а з у

б а р .

7. 32-бетте қазақ және ағылшын тілдерінде:

"Қазақстан Республикасы" "Republic of Kazakhstan" деген
тігінен жазылған жазу бар, төменгі жағында солдан оңға қарай:

Паспорт / Passport; тип/type;

мемлекет коды/code of state;

паспорттың N/passport N

ж а з у ы

ж а з ы л ғ а н .

Сол жағында фотосуретке орын қалдырылған, суреттің оң жағында мынадай

ж а з у

б а р :

Тегі/Фамилия/Surname

Аты/Имя/Given names

Азаматтығы/Гаржданство/Nationality

Туған күні, айы, жылы/Дата рождения/Date of birth

Туған жері/Место рождения/Place of birth

Жынысы/Пол/Sex

Берген мекеме/Орган выдачи/Authority

Берілген күні/Дата выдачи/Date of issue

Паспорт мерзімі/Действителен до/Date of expiry

Төменде мәшине шығаратын текске орын қалдырылған.

8. Мұқабаның ішкі жағында қазақ және орыс тілдерінде:

"Қазақстан Республикасы азаматының паспорты"

"Паспорт гражданина Республики Казахстан"

деп тігінен екі жолға жазылған жазу бар.

Төменгі жағында қазақ және орыс тілдерінде жазу үшін орын қалдырылған.

Тегі/Фамилия

Аты, әкесінің аты/Имя, отчество

Ұлты/Национальность

Өз қолы/Подпись

ЕСКЕРТУ. Қаулы өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.11.02. N 1394 қаулысымен.